WWW.AZRETSULTAN.KZ FACEBOOK.COM/AZRETSULTAN.KZ MUZEI_AZRETSULTAN

ЯСАУИ МҰРАСЫ

Республикалық мәдени-танымдық газеті. 2016 жылғы 14 қазаннан шыға бастады. №7 (9) шілде 2017 жыл

ХИКМЕТКЕ ТОЛЫ БІР ҒҰМЫР

Нұрғазы НҰРБОЛАТҰЛЫ

Қожа Ахмет Ясауи - Ислам дінінің Орта Азияда кеңінен таралуына түрткі болған, Түркі әлемінің рухани өміріне зор ықпалын тигізген дін ғұламаларының бірі. Толық аты-жөні Ахмет бин Ибраһим бин Иляс. «Пір Түркістан», «Хазреті Түркістан», «Хазірет Сұлтан», «Қожа Ахмет», «Құл Қажы Ахмет» есімдерімен тарихта қалған Қожа Ахмет Ясауи Оңтүстік Қазақстан облысындағы Сайрам (Исфижаб) қалашығында дүниеге келген. Әкесі Шейх Ибраһим Ата, анасы Айша бибі (Қарашаш Ана) еді. Ал, ата тек шежіресі бойынша Хазіреті Әлидің (к.у) ұлдарынан Мұхаммед Ханафияға ұласады.

Қожа Ахмет Ясауи, алғашқы сауатын жеті жасына дейін әкесінен алады. Жеті жасында әкесі қайтыс болған соң, Арыстан Бабтың тәлім-тәрбиесінде болады және Ясының мәшһүр ғалымдарының бірі Шахабуддин Исфижабиден білім алады. Әкесінен кейінгі қамқоры әрі ұстазы Арыстан Баб (Баба) қайтыс болған соң, оның өсиеті бойынша Бұқараға кетеді. Хижридің үшінші ғасырынан(Миләди 9-10 ғасыр) бері Ислам әлемінің ғылым және мәдениет орталығы болған Бұқарада, Нақшибәндия Силсиләсінің сегізінші алқасы Қожа Юсуф Хамаданиге (қ.с) қол беріп, пір тұтады. Қожа Ахмет Ясауи, 27 жасында ұстазы Юсуф Хамаданимен (қ.с) бірге, Мәру, Бұқара, Хәрат, Самарқанд сияқты

Ислам орталықтарын аралап, халыққа Ислам және Тасаууф құндылықтарын түсіндіреді.

Қожа Ахмет Ясауи, ұстазы қайтыс болған соң, оның үшінші өкілі ретінде Бұқарада қызметін жалғастырады. Біраз уақыт өткен соң, Түркістанға кету туралы рухани тапсырма алады. Шәкірттеріне Әбдулхалық Ғуждуани Хазіретлеріне байлануды өсиет етіп, Ясы қаласына кетеді және өмірінің соңына дейін осы арада міндетін жалғастырады.

Қожа Ахмет Ясауидің тәрбиелеген шәкірттері білімдерін жетілдірген соң, туған өлкелеріне қайтып, Исламды қаз қалпында халыққа жеткізуге тырысты. Қожа Ахмет Ясауидің бүкіл Ислам әлеміне дін жаю үшін таратқан дәруіштерінің саны 99 мыңға жетеді – дейді кей дерек көздерде. Бұл көрсеткіш дәлме-дәл тура болмаса да, Ясауи шәкірттерінің аса көп болғанын білдіреді.

Қожа Ахмет Ясауи Ислам мен тариқат әдебін өлеңдерімен жеткізді. Кейіннен бұл өлеңдер «хикмет» атымен танылып, 15-16 ғасырларда бір кітапқа жинақталып, «Диуани Хикмет» атымен кейінгі ұрпаққа мұра боп қалды. Бұл шығарма жай бір өлең емес. Бұл «хикметтерді» Түркі әлемін рухани жақтан алтын шуаққа шомылдырған сырлы шырағдан деу керек. Өйткені, бұл шығарма Түркі әлемінде исламның кең таралуына түрткі болды. Исламдық Түркі әдебиетінің ескі жауһары «Құтты біліктен» кейінгі ең ескі әдеби мұра қатарына жататын «Диуани Хикмет», Діни-Тасауфтық Түркі әдебиетінің алғашқы поэзиялық туындыларына жатады.

Қожа Ахмет Ясауи шәкірттеріне: «Құран және Хадис үкімдеріне сай өмір сүру, әулиелердің сөзіне құлақ түру, шариғат пен тариқатты біте қайнастырып, бос дүниеге алданбай, әрдайым нәпсімен күресу.» өсиетін қалдырды.

Қожа Ахмет Ясауи бала күнінен Пайғамбардың (с.ғ.с) сүннетіне сай өмір сүруге тырысыпты. Сол себепті, 63 жасқа келгенде «Пайғамбарымыз 63 жасында қайтыс болғандықтан, жер үстінде одан көп жүруден ұялғанын» айтып, құлшылық үйінің ауласынан қабірге ұқсаған бөлме қазып, жер астында өмірін жалғастырады. Жер астындағы құлшылық өмірінің дәл қанша уақытқа жалғасқаны белгісіз.

Қайтыс бола салысымен қабірінің басына кішкене кесене тұрғызылған екен. Арада екі ғасыр өткен соң, Әмір Темірдің түсінде, оның Бұқараны өзіне қарататыны жайында аян береді. Бұл түсті көрген Әмір Темір Бұқараға жорыққа аттанып, жеңіспен оралады да, жеңісіне шүкір етіп, рухани қолдаушысы Ахмет Ясауиға зиярат ете Ясыға келеді.1396 жылы Қожа Ахмет Ясауидің қарапайым қабірін зиярат еткен Әмір Темір, құрметке лайық сәулетті кесене салуды пәрмен етеді. Кесененің кейбір өлшемдерін өзі арнайы белгілейді. Сол дәуірдің атақты сәулетшісі Қожа Хусейн Ширазидің жоба жетекшілігімен құрылысы басталады. Кесене, Орта Азия сәулет үлгісіне сай тұрғызылған. Сыртқы қабырғалары реңді шыны кірпіштермен безендіріліп, жоғары тұсына құран аяттары жазылған. Дәуірінің айырықша сәулет туындысы болған Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, һәм діни һәм бағалы сәулет туындысы ретінде дүниенің төрт бұрышынан келген саяхатшылар мен зияратшылардың үзіліссіз бас сұғатын орнына айналды.

ҚЫСҚА-НҰСҚА

МЕГАЖОБА ТҮСІРІЛІМІНДЕ «ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» МУЗЕЙІ

«Мен қазақпын» мегажобасының түсірілім тобы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи мәдени қорық-музейіне қарасты ежелгі Ортағасырлық Түркістан көшесінде түсіру жұмыстарын жүргізді. Қорған үстінде сарбаздарды сомдаған музей қызметкерлері.

Театрландырылған қойылымдағы керуен шеруі Ортағасырлық көше бойымен өтіп жатты. Халық бас қосатын көне базар алаңы, жат-жұрттық саудагерлер де, қолөнер шеберлері де осында. Тарихтың қойнауында қалған жәрмеңке көне қала көріністері арқылы жанданып бүгінге жеткендей әсер қалдырды.

7-ші ХИКМЕТ

ҮМБЕТ ТУРАЛЫ

«Әл кәззабу лә уммәти!» – деді Расул жұпар леп,
Жалғаншылар қауымын үмбет демес Мұхаммет.
Тура жүрген құлдарын Хақтың іздеп Дидарын,
Шын жолдағы ұлдарын үмбетім дер Мұхаммет.
Әркім жүріп үмбетше Расул ісін үлгі етсе,
Шапағат күн шын жетсе мақұрым қоймас Мұхаммет.
Тәңірі-Тағала міндетін, Расул Алла сүннетін
Инанбаған үмбетін үмбет демес Мұхаммет.
Үмбетпін деп сөйлесең, бұйрыққа бас имесең,
Үмітсізсің онда сен – хал сұрамас Мұхаммет.
Халың мүшкіл тап сонда, жан шырағын жақшы онда,
Рәсуа болар мақшарда, демесе үмбет – Мұхаммет.
Үмбет дейді Мұхаммет, ақырыңды ойлас, Құл Ахмет,
Болғанда ертең қиямет мақұрым қоймас Мұхаммет.

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ БІР КЕПІЛІ - КӨНЕ КІТАПТАР»

Жуырда Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің кітапхана бөлмесінде «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі мен Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайының ұйымдастыруымен «Рухани жаңғырудың бір кепілі – көне кітаптар» тақырыбында кітаптар көрмесінің тұсаукесері болып өтті.

Көрменің ашылу салтанатына Отырар қорық-мұражайының директор кеңесшісі Нұрташа Алдабергенов, бас қор сақтаушы Ералы Шоқай, қалалық С.Ерубаев музейінің меңгерушісі А.Бостанов, қалалық Н.Оңдасынов музейінің меңгерушісі Д.Керімбекова, тарихи-мәдени этнографиялық орталығының қызметкерлері, Түркістан қалалық өзбек этномәдени орталығының мүшелері, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің тарих факультетінің студенттері, қала қонақтары, БАҚ өкілдері және музей қызметкерлері қатысты.

Алғашқы болып сөз алған «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің директоры Жандос Әубәкір атаулы көрменің маңыздылығын айта келе, еліміздің музейлер қорында сақталған көне кітаптар мен қолжазбалар халқымыздың сан ғасырлық рухани байлығы болып табылатындығын, сонымен бірге Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында рухани байлықтарымызды бағамдап, болашақ ұрпақ кәдесіне жеткізуге баса назар аударылғандығын атап өтті. Сөз соңында көрме ұйымдастырушыларға Түркістан қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің және «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің алғыс хаттары табысталды.

«РУХАНИ ОРДА ТҮРКІСТАН» КӨРМЕСІ ЕЛОРДА ТӨРІНДЕ

ЕХРО-2017 мамандандырылған халықаралық көрме аясында 2017 жылдың 30 маусым күні Астана қаласында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери-тарихи музейінде еліміздегі іргелі «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ұйымдастыруымен «Рухани орда Түркістан» көрмесінің ашылуы болып өтті.

Түркістан шаһарынан Елорда төріне 252 дана жәдігер көрме экспозициясына қойылды. Үш бөлімге топтастырылған көрме экспозициясына Шауғар-Шойтөбе, Ясы-Күлтөбе, Ескі Түркістан, Хан Ордасы, Сауран қаласы, Қаратөбе-Сауран, Шпан және Шерубай қорымына жүргізілген археологиялық қазбадан табылған керамикалық, нумизматикалық жәдігерлер мен Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұралары «Диуани хикмет» кітабының қолжазбасы мен Есім, Тәуке, Абылай сынды атақты хандардың күміс жүзікке түскен мөрлері, жазған хаттары, тұтынған заттары мен этнографиялық жәдігерлер көрермендер назарына ұсынылды.

Көрменің ашылуында ғалым-этнограф Қ.Сүлейменов көрме жұмысына сәттілік тілесе, Әскери тарихи музейінің директоры П.Өтепова көрменің Елордада өтуінің өзіндік маңыздылығына тоқталып, рухани керуен көшін бастап барған қорық-музей қызметкерліне өз алғысын білдірді. Сөз алған «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ғылыми қызметкері Б.Байболов көрменің мақсаты мен міндетіне тоқталып, Әскери тарихы музейіне риясыз алғысын білдіріп, қорық-музей директорының Алғыс хаты мен қорық-музейдің төл баспа өнімдерін табыс етті.

ТАРИХЫ ТАҒЫЛЫМ БОЛҒАН ТҮРКІСТАН

Жандос ӘУБӘКІР,
«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің директоры

Киелі Түркістан қаласы тұнып тұрған тарих десем еш қателеспеймін. Ал сол тарихтың көш басында тұрған Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың кесенесі. Түркі тілдес халықтарға ортақ мұра болып саналатын теңдесі жоқ сәулет дүниесі Түркістанның рухани келбетін барынша айшықтап тұрғандай. Түркістанның өткен тарихы мәдениетіміздің терең қойнауларынан бастау алады. Осынау өлкенің рухани санасына өзіндік үлес қосып, Ясауи мұрасын зерттеп-зерделеп, әр сөзіне жіті қарайтын, әр дүниесін көзден таса қылмайтын бір орталық, ол - бүгінде құрамында 207 ескерткіштері мен қорында 24 мыңнан астам жәдігерлері бар. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі.

Түркістан қаласы көне дәуірдегі қазақ қалаларының біріне жатады. Оның атына байланысты орта ғасырлық Қазақстан және Орта Азия тарихындағы біршама белгілі оқиғалар жазба деректер беттеріне түскен. Оның тарихы ортағасырдан басталатынын археологиялық зерттеулер дәлелдеп отыр. Араб тарихшы- географы Әл-Истахри «көне Шауғар XI ғасырға дейін өмір сүрген де, XI ғасырдан бастап қала орталығы Ясыға көшкен» дейтін пікірді алға тартады. Бұл деректерді қазіргі біздің археолог ғалымдар да растайды.

Түркістан қаласының тарихымен Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық екі қаласы Шауғар (Шойтөбе) мен Иасының (Күлтөбе) тағдыры тығыз байланысты. Олар Түркістан оазисінің белгілі бір тарихи кезеңдерінде әкімшілік пен экономикалық орталығы болған-ды.

Негізінде Түркістан қаласының тарихы үш кезеңнен тұратындығы белгілі.

Алғашқы кезеңінде Шауғар – Шойтөбе қаласының тарихи өмірі қарастырылады. Ол өзі аттас аймақтың (қазіргі Түркістан ауданы территориясында орналасқан) саяси – экономикалық орталығы болғандығымен белгілі. (1 мыңжылдықтың I жартысы – XIII-XIY ғғ.)

Екінші – орта кезеңі деп Иасы – Күлтөбе қаласының гүлдену кезеңі (IY-Yғғ. – XIY ғғ. аралығында) есептеледі, ол да өзі аттас аймақтың саяси-экономикалық және рухани орталығы болған. XIII ғасырдың басында Шауғар-Шойтөбе тарихи себептермен өмір сүруін тоқтатқан соң тарих төріне ерте ортағасырлардан бері онымен қатар өмір сүріп келе жатқан көрші қалашық Иасы шығады. Бұрынғы Шауғар аймағы енді Иасы аймағы деп аталып, қала өзінің гүлдену кезеңіне қадам басады.

Үшінші кезең XY-XX ғғ. бірінші ширегі – Ескі Түркістан – Түркістан тарихының кейінгі кезеңі – деп аталады. Ахмет Ясауи кесенесінің салынуына байланысты (XIYғ.) Иасы қаласының көлемі тез арада батысқа және оңтүстікке қарай ұлғайып, аймақтың саяси орталығына айналды. Жазба деректерде қала жаңа атаумен – «Хазреті-Түркістан» деп атала бастады. XYI ғ. бастап Түркістан атауы қалаға мықтап бекиді. Бұл кезең Түркістанның гүлдену кезеңі, қаланың діни ғана емес, саяси да орталыққа айналған тұсы. XII ғасырдың басына дейін Иасы да Шауғардың басынан өткерген тарихи оқиғаларды бастан кешті. YI-YШ ғасырларда – Түркі, Батыс Түркі, Түркеш қағанатының құрамында болды. YШ ғасырда арабтар жорығын бастан кешірді. IX-X ғасырларда Саманидтерге, Қарлұктарға, Оғыздарға бағынышты болды. XI-XII ғасырларды Қараханидтер мемлекеті қарамағында өткізді. XII ғасырдың басында Селжұқтар мен қарақытайлардың вассалына айналды, ал XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басында Хорезмшах мемлекетінің құрамында болды.

Сондай-ақ, Түркістан қаласы сол дәуірдегі Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан орта ғасырлық ірі қалалардың біріне айналды.

Қожа Ахмет Ясауи XI ғ. Сайрам қаласында дүниеге келіп, жүз жиырма бес жыл жасап, 1166 жылдары дүниеден өткеннен кейін ел-жұрт жиналып, бабамыздың басына бір бөлмелі қабірхана мен мешіт тұрғызады. Содан екі ғасыр өткеннен кейін барып, көреген Әмір Темірдің пәрменімен 1397 жылы Орта Азия мен Қазақстан бойынша зәулімде, сәулетті, әсем ғимарат бой көтереді. 1405 жылы Отырар қаласында кенеттен қайтыс болуына орай кесене құрылысы тоқтап қалады. Темірдің кезінде бас порталдың барлық құрылымы бітпеген тек нұсқасы ғана бар-ды, оның құрылысы хижара бойынша 1000-шы жылы (1583-1598) Бұхарды билеген Абдолла хан II аяқтайды. Осы кезде пештақ арқасы түйістіріліп, түпкі қабырға және осы қабырғадағы жоғары үлкен ойық салынып бітті.

II Абдолла хан заманындағы жөндеу жұмыстарына арналған ағаш діңгектер күні бүгінге дейін сақталған.

Сондай-ақ бұл кесенеде XV ғасырдың аяғынан XIX ғасырдың бірінші ширегіне дейін Түркістанда қазақ хандарының ордасы орналасқан кезде хан сарайы (ордасы) ретінде қолданылып, мұнда ел басқару және дипломатиялық істер, әскери келіссөздер өткізіліп отырған. Мұнда Әбілхайыр хан (1468 ж), Рәбия Сұлтан Бегім (1485 ж), Абылай хан (1780 ж), Есім хан (1797 ж) және т.б. құлпытастары қойылған.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті археологтарының 1997 жылғы қазбасы нәтижесінде Ясы (Күлтөбе) қаласының төменгі мәдени қабаттарынан табылған жәдігерлер қала тарихының 1500 жылдан да көне екенін дәлелдей түсті. Сонымен қатар, Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының мамандары жүргізген 2010-2014 жылдардағы қазбасы нәтижесінде Ясы-Күлтөбенің I-III ғғ. қалыптасқан ең ежелгі цитаделі аршылды. Е.А.Смағұлов қала б.з.д. II ғ. Ұлы Жібек жолымен қатар қалыптасқан деген пікірінен біз Түркістан қаласының жасы 2000 жылдан да ары екенін аңғарамыз.

Тоғыз жолдың торабында орналасқан Түркістан қаласы ғасырлар бойы Ұлы Жібек жолы бойында ірі сауда орталығы қызметін атқарып келді.

Қазақ халқы мен бүкіл түркі әлемі, дүниежүзі мұсылман қауымы үшін киелі Түркістан мен әулиелердің сұлтаны, рухани ілім діңгегінің көш басында тұрған Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың қадір-қасиеті ұшан-теңіз.

Қожа Ахмет дүние салған соң Ясы елді мекенінің мазаратына жерленеді.

XIV ғасырдың соңғы ширегінде Мәуераннахр билеушісі Әмір Темір Сырдария бойындағы бір топ жерлерді өзіне қаратты. Жергілікті аңыз бойынша Алтын Орда ханы Тоқтамыс жорықтарының бірінде Қожа Ахмет Ясауидің кесенесін және оның айналасында тұратын шайқыларды тонап кетеді. Темір әулие үшін кек алып, оларды талқандайды, тоналған заттарды қайтарады. Қолға түсірген үлкен олжа есебінен Қожа Ахмет Ясауидің қабірі үстінен жаңа алып кесене тұрғызуға бел буады содан бастап барлық түркі жұрты пір тұтқан Әзірет Сұлтан бабамыз мәңгі мекенін тапқан қасиетті кесенеміз алты алаштың ең сыйлы ұлдары жерленген ұлттық пантеонға айналды.

Түркістан аймағы XVI ғасыр соңында Қазақ хандығы құрамына түпкілікті қарады.

Қазақ хандығының басты қаласы ретінде Түркістан XYII-XYIII ғасырлардағы орыс деректерінде жиі еске алынады.

Түркістан қаласын алғаш астана еткен қазақ ханы Есімхан болды. Ол қайтыс болған соң Қожа Ахмет Ясауи кесенесі қасына жерленіп, жеке кесене тұрғызылды.

XVIII ғасырда да Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне және оның төңірегіне қазақтың көрнекті тұлғаларын жерлеу үрдісі жалғасын тауып, үш жүзге билігі жүрген 21 ханның жерленгендігі белгілі болып отыр. Түркістанда Тәуке, Жолбарыс, Әбілмәмбет және Абылай хан тағы басқа да хандар осы жерде мәңгілік тыныс тапқан.

Түркістанда жерленген қазақ билеріне келетін болсақ, әзірге 18 бидің есімі анықталып отыр. Соның ішінде Қаз дауысты Қазыбек бидің, Шоң бидің және т.б. кесенеде жерленгені нақты дәлелденді.

2000 жылы Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойы алдында Қазақстанның көп қалалары ортақ қорға қаражат шығарып, қаланы абаттандыру жұмыстарын жүргізді. Соның бірі - Алматы алаңы. Бұл көше-алаң түгелдей Алматы қаласы әкімшілігі бөлген қаржыға алматылықтардың өз қолымен әсемделген.

Бүгінгі күні ТҮРКСОИ арқылы бір ұжымға біріккен түркі тілдес халықтар үшін Түркістан қаласы олардың қасиетті Ордасы, яғни астанасы деп есептеледі. Осы орайда Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «ТҮРКСОЙ түркі әлемінің ЮНЕСКО-сына айналуы тиіс», - деген болатын. ТҮРКСОЙ ұйымы түркітілдес халықтардың бай рухани мұрасын зерттеу және қазіргі түркі мемлекеттерінің өзара халықаралық қатынастарын дамыту жолында талмай еңбек ете беретіні сөзсіз. Соңғы жыл¬да¬ры түркітілдес халықтардың мәдени, рухани, гуманитарлық, басқа салалардағы байланыстары шын мәнінде кеңейіп келе жатқанын, түркі халықтарының мәдени құндылықтарын қорғау, оның ішінде мәдениет, ауыз әдебиеті, тарихи маңызы зор ескерткіштерді қалпына келтіру, таңғажайып сәулет, археоло¬гия¬лық ескерткіштерді зерттеу бой¬ынша бірлескен жұмыстардың атқарылғанынан атқарылмағы, бергенінен берері мол екеніне дау жоқ.

Данышпан ғұламаға деген тағзым ретінде салынған зәулім кесене орналасқан әйгілі Түркістан қаласы Қазақ хандығының сан ғасырдан бергі рухани да, ресми де астанасы болып келгені тарихымыздан аян. Қазақ мемлекеттілігінің негізін қалаған қастерлі хандарымыз бен әйгілі би-батырларымызға да осы киелі Түркістаннан топырақ бұйырып, тәу етер мәңгілік мекенге айналды.

Сан ғасырлар бойғы иісі мұсылман жұртының қасиетті зияратханасының орны Түркістан – жалпы түркі жұртының және қарашаңырақтың иесі қазақ халқының рухани-мәдени тарихында айырықша орда. Мұның себебі де жоқ емес. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы еліміздегі іргелі мұражай болуымен қатар, бүгінде әулиелердің Сұлтаны - Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы мен ілімін, Әмір Темір дәуірінен қалған құнды ортағасырлық жәдігерлерді сақтаушы да мұражай ісін және кесене маңында жерленген хандар мен би, батырлардың өнегесін зерттеу, насихаттау жұмысымен айналысатын іргелі орынға айналды.

«Әзірет Сұлтан» қорық мұражайының құрамына енетін әлемге аты мәшһүр Әзіреті Сұлтан бабамыздың кесенесі. 2003 жылы шілде айында ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне енді. Бұдан өзге қорық- мұражайда 207 тарихи-мәдени, діни-рухани, археологиялық, архитектуралық нысандардың барын ескерсек бұл ескерткіштердің қай қайсысының да өзіндік терең тарихы, ұлағатты өнегесі бар жәдігерлер екендігін түсінесіз. Солардың ішінде көне Шауғар, Ясы, Сауран, Сидақ ата қалалары Үкаша ата, Әлқожа ата, Жүсіп ата, Гауһар ана кесенелері жұртқа жақсы танымал. Мәртебеміз «қорық-мұражай» аталғанымен мұнда келуші халықтың көпшілігі зияратшылар екендігін жасыруға болмас. Бұл Әулие-әнбиені, рухани орындарды аса қатты құрметтейтін халқымыздың Қожа Ахмет Ясауи бабамызға ыстық ықыласы ұлыларды ұлықтаудың нәтижесі деп білу керек.

Үкіметіміздің сындарлы саясатының арқасында бүгінімізді әспеттеп ертеңге жеткізу мақсатында Ұлы баба кесенесін сақтау, насихат жұмыстары әсте бір сәт толастаған емес.

МҰРАЖАЙДАҒЫ ҚҰРАНДАР

→ 2

СЫЗДЫҚ ТӨРЕ ЖӘНЕ ТЕЛҚОЖА БАТЫР

→ 3

АЛАШТЫҢ АСҚАРЫ ЕДІ

→ 4

МҰРАЖАЙДАҒЫ ҚҰРАНДАР

Жанат МАЙЛЫБАЕВА,
қор сақтаушы

«Әзірет Сұлтан» қорық мұражайы қор сақтау бөлімінің ең бір мағыналы бөлігін құрайтын жәдігерлер тобы - Құран Кәрім кітаптары. Оларды бөле қарастырсақ Көне құрандар, қолжазба құрандар және жаңа заманғы басылған Құрандар. Олар XIX ғ. мен XX ғ басында Ташкентте, Қазанда, Уфада, Бұхарада және Санкт-Петербургта тас баспада басылған. Сонымен қатар, Үндістанда, Каирда және Стамбулда басылған құрандар да бар.

Мұндағы Құран тек араб тілінде ғана емес, кей кітаптардың ортасында арабшасы, айналасына аудармаларымен берілген. Қорымызда Құранның парсы тіліндегі, көне орыс тіліндегі (Қазан 1907 ж. Г.С. Саблуковтың аудармасы), қытай тіліндегі (Пекин 1996 ж. Ма Джян Фанның аудармасы) көне және жаңа басылымдардағы аудармалары бар. Қорымыздағы әдемі әсер қалдыратын сәнді өрнектелген, тіпті алтындалған әр жерде басылған жаңа басылымдағы Құран Кәрімдер бар. Солардың бірі Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевқа 2000 ж. Меккеде сыйға берген Мәдинада басылған алтынмен өрнектелген КК№1579 номерлі «Құран Кәрім» және Түркия Республикасының мәдениет министрі Т.И.Талаямның бұйрығы бойынша басылған КК №3463 номерлі «Құран Кәрім», бұл кітап Мысырда басылған «Мусхаф ат-Тахаджуд» деп аталады және Бейрутта басылған КК№ 3464 номерлі «Әл-Құран ул Азим» мұнымен қатар мойынға тағатын тұмар құрандар мен өте кішкене көлемді қалтаға сиып кететіндей Құран Кәрімдер бар, бұлар осы түріменен ерекше болып көрінеді.

«Құран» – (арабша ең алғаш алақ сүресінің «иқра» яғни оқы аятымен түскендіктен) «оқылатын нәрсе», «кітап» болып аталған.1 Құран Аллаһ тарапынан жіберілген иләһи кітаптардың соңғысы Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у) ке Жәбірейіл (а.с) періште арқылы түсіріліп, мусхафтарда жазылған бұлтартпас шариғи дәлел, яғни Алла Тағаланың сөзі. Пайғамбарымыз Хазіреті Мұхаммед (с.а.у) өзіне пайғамбарлық міндеті жүктелмей тұрған кезде, біраз уақыт Меккеге жақын Хира тауындағы үңгірде оңаша отыратын болған. 610 жылы қасиетті Рамазан айының қадір түнінде дүйсенбі күні Хира тауындағы үңгірде оған уахи келген. Оған періштелердің ең ұлысы – Жәбірейіл (а.с) Алланың әмірі бойынша пайғамбарымызға келіп «Оқы» дейді де бұл әмірді үш рет қайталайды. Пайғамбарымыз «Не оқиын?» деп сұраған кезде Жәбірейіл (а.с) «Алақ» сүресінің бес аятын жеткізеді. Осылайша алғашқы уахи келіп Құран түсе бастайды.

Құранның мақсаты ерте заманда арабтар арасында тараған пұтқа табынушылықты түбірімен жоқ ету, олардың имандылық қасиеттерін оятып, жақсы жақтарын, заңдары мен діни ғұрыптарын қалыптастыру, сондай-ақ яһудилердің дініне қарсы тұру, Алла Тағаланың өзі сүйген құлдарын адастырмай тура жолға салу еді. Осы негізде жаңа дінге – «Ислам» деген ат берілді. Оның мәнісі жаратушы Хақ Тағала әміріне еркімен бас июшілер дегенді білдіреді. Мұсылмандардың қасиетті кітабы ол құран Кәрім. Құран басқа әдебиеттер сияқты кіріспе және негізгі бөлімдерден тұрмайды, ол тізбекті емес тармақталған құрылымнан тұрады.

Алла Тағала әртүрлі уахи жолдары арқылы сөздерін пайғамбарларға жеткізген. Пайғамбарлардың жіберілуі арқылы Аллаһ Тағала адамдарды жаман жолдан қайтарып, тура жолға салып отырған. Құран Кәрім Алланың елшісі Мұхаммед пайғамбарға 23 жыл ішінде біртіндеп те, топтап та көктен түсіріліп тұрған. Құран фәнибақи өміріне қатысты барлық сұрақты қамтиды және бәріне жауап береді. Бүкіл ғылымның шешуі Құраннан табылады. Сондай-ақ Құран Кәрімнің басқада есімдері бар, алайда «Құран» есімі солардың арасындағы ең көп қолданылған есім болып табылады. Құранның басқа атаулары олар: 1) Әл-китаб, 2) Нур, Мубин, 3) Кәлам, 4) Фұрқан, 5) Мусхаф және т.б.

1) «Әл-Китаб» Бұл Құран Кәрімдегі ең алғашқы деп аталған, есімі. Бұл жайында Аллаһ Тағала «Міне, осы кітапта күдік жоқ, тақуалар үшін тура жол көрсетуші» (Бақара сүресі 2 аят) Әл-китаб «кітап» деп аударылады және де «бір жерде жинау, міндетті ету» деген мағынаны білдіреді. Бұл сөз Құранда 230 мәрте кездеседі.

2) «Нұр, мубин» «Нұр» деген мағынаны береді. Құранда 24 жерде кездеседі. «Расында, сендерге Аллаһтан нұр және мубин ашық кітап келді» (мәидә сүресі 15 аят) Бұған қоса «Нұр» деп аталатын толық бір сүре бар.

3) «Кәлам» «сөз» деген мағынаны білдіреді. «Кәламуллаһ» Алланың сөзі. «Тәубе сүресінің 6 шы аятында «Егер мүшіріктерден біреу сенен пана тілесе, ол Алланың сөзін тыңдағанға дейін оған пана бер, одан соң оны бейбіт орынға жеткіз» деп бұйырған.

4) «Фурқан» деп аталу себебі ол ақиқат пен өтіріктің арасын айырушы.

5) «Мусхаф» деп аталуының себебі Құранның жазылған нұсқасын айтылуға қолданылады.

Құран Кәрімде 114 сүре, 6666 аят бар. Құранда 30 пара яғни бөлік бар, осы 114 сүре 30 параға ұзындығына байланысты бөлінген. Құран Кәрім Мұхаммед (с.а.у) ға жіберілген қалпында сақталған, оған ешқандай өзгерту енгізілмеген.

Деректерге сүйенсек сол кезде 30 мұсылман Құранды бастан аяқ жатқа білген. Алла Тағаланың өзі Құранды мәңгілік етуі үшін оны араб тілінде түсіріп, сол тілде қалуын нәсіп еткен. Бұл жайлы Алла Тағала «Шұғара» сүресі 198-200 аяттарында: «Егер біз (Құранды) арабқа емес, өзге біреуге түсірсек, оқып берер болса, бәрібір сенбеген болар еді. Күнәһарлардың көңіліне біз оны осылайша кіргіздік»2 деген.

Бұл қасиетті кітап бұрыннан бар, бұған «қадим» деп айтылады. Кейіннен жаратылған емес. Құранның сөзі араб тілінде жазылған. Мұны құрастырған Алла Тағала. Мұхаммед (с.а.у) тің мұғжизаларының ең үлкені және ол адамның сөзіне ұқсамайды.

Құран Кәрім – ахкамі илаһи (Алланың үкімдері) болып саналады. Құранда жазылғандай «Бұл кітап тақуаларға тура жол көрсетуші» (Бақара сүресі, 2 аят) делінген.3 Бұл кітаптың «бір сөзіне, не болмаса бір әрпіне күмән келтірген адам діннен шығады». Бұл Жаратушының белгілеген заңдары деген сөз. Алла Тағала Құран Кәрімде құлдарының бақытқа жету жолын көрсеткен және өзінің сөзін адамдардың ең ұлысы Пайғамбарымызға жіберген. Себебі оны пайғамбарымыз ғана түсінген және оны өзінің хадистерімен түсіндірген. Құранға толық және анық тәпсір жасаған адам Мұхаммед алейһиссалам. Құранды басқа ешкім толық түсіне алмайды. Сахабалардың өзі араб тілді бола тұра, кейбір аяттардың мағынасын түсіне алмай, оны Пайғамбарымыздан сұрайтын болған. Дұрыс тәпсір кітабы да – оның хадис шәрифтері.

Құран Кәрімнің басқа тілдердегі аудармалары Құран деп есептелмейді. Олар «Құран Кәрімнің түсіндірмесі» деп аталады. Мұсылмандар Құранды Алла Тағаланың түсірген қалпында оқуы тиіс. Құрандағы «аяттың мағынасын түсіну» деген сөз, «Алла Тағаланың осы аятта не дегісі келетінін түсіну» дегенді білдіреді. Мағынасын білмей оқу да сауап әкеледі, ал мағынасын түсініп оқыса әрине үлкен сауап болып саналады.

Сонымен Құран Кәрімнің кейінгі ғасырларда ашылып жатқан көптеген ғылыми жетістіктерін осыдан 14 ғасыр бұрын яғни технология дамымаған кезде дөп басып айтып кетуі көптеген батыс-шығыс ғалымдарын таңқалдырып, Ислам дініне бас идірген. Сондай жаңалықтардың бірі Құранның «Рахман» сүресінде былайша баяндалады: «Аллаһ Тағала екі теңізді ағызды, олар бір-бірімен қабысады, бірақ араларында перде болғандықтан бір бірімен араласпайды»4 (Рахман сүресі, 19-20 аят). Бір-бірімен қосылып жатса да сулары араласпайтын теңіздердің жоғарғы аятта айтылған ерекшелігі осы. (Бұл Атлант мұхиты мен Жерорта теңізінің түйіскен жері бірақ бір біріне суы қосылмайды.) Мұны қазіргі ғалымдар енді ғана біліп жатыр.

Пайғамбарымыз көзі тірісінде уахи түсіп тұрғандықтан, оны кітап етуге мүмкіндігі болмады. Ал Құран Кәрімді кітап етіп шығару араб халифатының тұңғыш басшысы болған Әбу Бәкірге нәсіп болды. Пайғамбарымыз дүниеден қайтқаннан кейін 6 ай өткенде Әбу Бәкір өзіне Зайд ибн Сәбитті шақырып алып, қасиетті жазбаның жер-жерге тарап кеткендерінің бәрін жинастыруға тапсырма берді. Зайд ибн Сәбит Құранды қатесіз, қабылдаған түпнұсқа текстін сақтай отырып, өз қолымен 4 дана етіп көшіріп шықты. Оспан оның осы еңбегі үшін қазынадан 100 мың дирһам сыйлық бергізді. Сонымен Құран бірнеше дана етіп көшіріліп, Ислам елдерінің басты қалаларына жіберілді. Бұл оқиға һижраның 30-жылдары, миладише 650 жылдары болған еді. Міне сол кездегі текст әлі күнге дейін өзгеріске түспей, таза қалпында сақталып келеді.4 Ол кезде Құран сүрелері құрма жапырақтары мен қабықтарына, ағаштан жасалған маңдайшаларға, ақ түсті тастарға, түйелердің тегіс, жалпақ жауырын сүйектеріне, тері бөлшектеріне жазылған. Себебі ол кезде жазу үшін керекті қағаздар жоқ еді, әрі аз болатын.

Сонымен әрбір мұсылман баласы Құранды өзі ғана оқып, үйреніп қоймай, бала-шағасына да үйретуге міндетті. Себебі Пайғамбарымыз (с.а.у) хадис-шәрифте: «Сіздердің ең жақсыларыңыз Құранды үйреніп, оны басқаларға үйреткендеріңіз» деген. Мұнымен қатар сахабалар мен өзінің жолын қуушыларға Құран аяттарын неғұрлым молынан жаттап алуды үндеп, жатқа көп білгендер қиямет күні Алланың мейір-шапағаты мен зор сыйлығына ие болады деген. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у) өз хадисінде: «Үйлеріңізде Құран Кәрімді көп оқыңыздар. Себебі Құран оқылмаған үйде жақсылық, береке аз болады» деген. Мұнымен қатар Құран рухани ауруларға да қарсы шипа көзі. Дәрі-дәрмекпен емделмейтін аурулар Құраннан шипа табады. Мұсылмандардың сенімі бойынша әрбір адам құранға мұқтаж және оны оқыған адамның көзі нұрланады әрі тура жолды табады. Хз Пайғамбарымыз (с.а.у) «Бір үйде Құран оқылса, аспаннан періштелер енеді. Шайтандар қашады. Үй-ішіне жақсылық, тыныштық енеді, жақсылық көп, жамандық аз болады. Бір үйде Құран оқылмаса, ол жерге шайтандар келеді, періштелер кірмейді, үй-ішіне тынышсыздық келеді, жақсылық азайып, жамандық көбейеді»5 - деген.

Құран Кәрім жайлы қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевта өзінің өлеңінде:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас.
Рас сөз ешуақытта жалған болмас.
Көп кітап келді Алладан, оның төрті
Алланы танытуға сөз айырмас-деп келтіреді.

Бұл өлеңнен біздің ұғатынымыз Алланың бір және бар екендігі, оның сөзінің өтірік болмайтындығы анық көрініп тұр.

Жалпы Құран Кәрімдегі мәліметтер үш бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлім: Алла Тағала мәліметтердің бір бөлімін ешқандай құлына білдірмеген. Оның өзін, есімдерін және сипаттарын өзінен басқа ешкім біле алмайды.

Екінші бөлім: Тек Мұхаммед (с.а.у) пайғамбарымызға білдірілген болып, оны да ұлы елшіміз бен оның мұрагері болған ғалымдардан басқа ешкім түсіне алмайды.

Үшінші бөлім: Алла Тағаланың Мұхаммед алейһиссаламға көрсетіп, оның үмбетіне үйретуін бұйырған мәліметтері. Бұл мәліметтер де екіге бөлінеді. Біріншісі «қисас пен ахбар». Қисас өткен үмбеттердің жағдайын білдіреді. Ахбар осы дүние мен ақыретте жаратқан және жарататын нәрселерін білдіретін ғылым. Екіншісі ақыл, тәжірибе және арап тілі ғылымдары арқылы меңгерілетін ғылымдар болып табылады.

Құран жайлы Пайғамбарымыз (с.а.у) бір хадисінде: «үмбетімнің жасаған ғибадаттарының ең құндысы Құран Кәрімді мусхафқа яғни (кітапқа) қарап оқу» деген. Хазіреті Әлиде бір сөзінде: «Намазда оқылған Құранның әр әрпі үшін 100 сауап жазылады. Намаздан тыс дәретпен оқылса, әр әрпі үшін 25 сауап, дәретсіз (жаттан) оқылса он сауап жазылады деген. (Алайда, Құран Кәрімді дәретсіз ұстауға болмайды). Жүріп бара жатып немесе жұмыс істеп отырып жаттан оқылса, аз сауап жазылады. Мағынасын түсініп бір аят оқу, басқа нәрсені ойлап отырып бүкіл Құранды оқудан артық». Құранды Алла Тағаладан қорқып отырып, мұңмен оқу керек. Сүре немесе аят оқығанда «әузу бисмилләмен» бастау уәжіп. Басқа сүрелерді «Бисмилләмен» бастау – сүннет. Құранды тәжуид (көркемдеу, әдемілеу) қағидаларына сай оқу керек. Құранды кітап бетінен оқыған кезде мына жайттарға назар аударылуы керек:

1) Дәретпен оқылуы тиіс.
2) Асықпай мағынасын түсініп оқу, мағынасын түсінбесе де ақырын оқу керек.
3) Жылап отырып, оқу керек.
4) Әр аяттың мағынасын сезіне отырып оқу керек.
5) Оқуды «әузу бисмилламен» бастау керек.
6) Ақырын дауыспен, тәжуидке сай оқу керек.
7) Құран Кәрім - Алла Тағаланың кәламы, сөзі.

Осыны назарда ұстап оқу керек.7

Жалпы айтқанда ата-бабаларымыз қиын кезеңдерде осы қасиетті кітапты толықтай сақтап, оны болашақ ұрпақтарына жеткізген бізде бұл кітапты көзіміздің қарашығындай сақтауымыз керек. Құран - мұсылман жұртына ғана емес, күллі адамзат баласы үшін ең құнды кітап болғандықтан оны оқып, өзгелерге үйрету мұсылманның міндеті. Құран Кәрім адамдарға әрі шипа, әрі тура жол көрсетуші.

БАБАЙҚОРҒАН ЕЛДІ МЕКЕНІНДЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ

Қайрат МҰСАБАЕВ

Түркістан қаласынан 40 шақырымдай жерде, Қаратаудың күнгей бетінде, Жаңақорған өзені мен Ақтөбе өзенінің қосылған сағасында Бабайқорған елді мекені орналасқан. Сонау қола, темір дәуірлерінен бастау алатын өлке тарихы көне Жаңақорған өзенімен байланысты.

Асан Сарқұлов өзінің «Бабай батыр» атты еңбегінде Бабайдағы өзен атауының шығу тегіне жауап іздеген. Онда:-«Бабай батырдың әкесі Нұрбай атаның (руы Сунақ) қазіргі Жаңақорған ауданынан ертеде көшіп келіп, қазіргі ауылдағы өзен маңына қоныстанғанын айтады. Міне, содан бастап қазіргі бастауы Қаратаудан аққан Көксарай өзенінің төменгі ағысы Жаңақорған өзені аталыпты. 1864 ж. Орыс әскерлері Түркістанды басып алған соң, Бабай және Жұмантай өздерінің қолында бар адам күші мен байлықты пайдаланып, бүгінгі осы жерден үлкен қорған салдырады. Қорған сол кезден-ақ Бабайдың қорғаны аталады». Мәселен, «Большой Атлас истории и культуры Казахстана» атты еңбектегі 1880 ж. Петербург қаласында жасалып шыққан Түркістан әскери округының картасында Бабайқорғанды қорғаныс қалашығы ретінде атап көрсетсе, ал, 1929 ж. Бабайқорған ауылдық округ болып құрылғанын білеміз. 1963 ж. ғана Кеңес өкіметінің саясаты әсерінен ауыл «Куйбышев» қаракөл қойын өсіру кеңшары болып аталады. Әйтсе де, Бабайқорған атауы бұл тұста да халық жадынан шыққан жоқ. Тәуелсіздік алғаннан кейін ауыл қайта Бабайқорған деп атала бастады. Бабайқорған елді мекенінің Үлгілі ауылына бара жатқан автокөлік жолдарының сол жағы Алтықұлаш әулие, оң жағында Ғайып ата (Аман) жер кепесі орналасқан. Ауыл тұрғыны Қалдыбек Жаперов ақсақал (1938 ж.) естелігіне сүйенсек:- « Ғайып ата өзі Сунақ руынан болған, шын есімі Аман көрінеді. Бұдан 700 ж. бұрын өткен-кеткенді еске түсіретін бұл аңыз сарыны бойынша әулие өзі жатқан жер кепесінің ішіне кіріп Ғайып болыпты. Ал, Алтықұлаш әулиенің сыры ауру жан-жануарды бейіт басына әкеп айналдырса, төрт-түлік малдың шипасын беретін көрінеді. Сонымен қатар, қазіргі ауыл мазаратының ішінде, Қарабұлақ өзенінің жағасындағы Бабай батыр жерленген жерде Қара Сүңгір әулие жатыр. Бұл әулиенің нендей қасиеті бары жайында ауыл тұрғындары мардымды дерек бере алмады, тек оның Араб түбегінен келген сахаба екенін айта алды. Ауыл тынысы қашанда Жаңақорған өзеніне тәуелді болды. Өзеннен ауылға кәріздер тартылып егістіктер суландырылды. Бабайқорған ауылының жоғары солтүстік-шығыс бөлігінен тартылып оңтүстік-батысқа бағытталған 33 құдық тізімі (Жаңақорған кәрізі) және дәл сондай Оқпан атты жер атауымен тұратын кәріздің 82 құдығының қазылуы мұндағы отырықшылық мәдениеттің жоғары болғанын көрсетеді. Сондай-ақ, ауылдың солтүстік бөлігіндегі Найманарық жағалауы мен оңтүстікке тартылып қазіргі Кәрізбұлаққа әкеп құятын 44 құдық суының да бір кездері ауыл төңірегін көк майса шалғынға бөлеп ауылға ажар бергендігін көрсетеді.Жоғарыдағы автордың (Асан Сарқұлов) еңбегінде:-«Бабай батырдың Мештен (Игілік) (Бабайқорған маңайы) он бір жерден кәріз қаздырып Сауранға су тартқаны жайлы айтады». Бұл дерекке біз қыркүйек-қазан айларында жүргізілген археологиялық барлау барысында көз жеткіздік. Онда:-Түркістан-Бабайқорған тас жолы бойының солтүстік бетіндегі Шорнақ арығының бойынан 4 кәріздер жүйесін таптық. Оның ішінде құдығы 100 ден асатын кәріздер кездесті. Ал, жолдың (Түркістан-Бабай) оң бетінен кішігірім 2 кәріз жүйесі анықталды. Алайда, бұл кәріздер күні бүгінде көміліп көлемін түгелдей нақты анықтау мүмкін болмай қалған. Сондықтан да бұрын-соңды бұл ескерткіш спутниктік аэрофотоға да ілінбей археологтар тарапынан зерттеусіз тыс қалып қойған.

Сондай-ақ, ауылдың қақ ортасынан ағып өтетін Жаңақорған өзенінің жағасы су диірмендерінде жұмыс істеуіне көп септігін тигізді. Жаңақорған өзені бойынан тартылған суды диірменге жал арықпен әкеп құйған. Ауыл тұрғындарының айтуынша: « ауыл маңында он диірмен болған, алайда, Асан Сарқұловтың пайымдауынша мұнда Шорнаққа дейін жеті диірмен болған дейді. Барлау барысында аталған диірмендердің тек екеуінің ғана орынын анықтай алдық. Ал, қалғаны түгелдей жермен жексен болып жойылып кеткен. Барлығы да Түркістан Бабайқорған тас жолы бойының оң жағында Жаңақорған өзенінің жағалауында орналасқан. Ауылда 1990 жылдардың басына дейін жұмыс істеп келген Тойбазар диірмені екен. Жаңақорған өзенінің арнасы шілде айында тартылған соң өзеннің тастарынан әк өндірілген. Оны арнайы домалақ етіп тастан қаланған пештің ортасына қойып жан-жағынан от лаулатып барынша еріту арқылы жүзеге асырған. Оны «әкше» деп атайды. Әкшенің Бабайқорған ауылында үшеуі болған. Екеуінің сақталуы өте нашар, жойылып кеткен деседе болады. Ал, үшіншісі Ақтөбе өзені мен Жаңақорған өзенінің түйіскен жерінде ауыл шетінде орналасқан. Ауыл тұрғыны Нұрдиллә Нұртазаевтың айтуынша соғыс жылдары орыстар келіп әкшеден әк әкетіп тұрған. Әкше жайлы Әнуар Әлімжановтың «Көгілдір таулар» атты повестер желісінен де оқып білуімізге болады.

2014 жылғы барлау барысында да өзеннің сол жағалауынан ауылдың солтүстік-шығыс бетінен 1,8 км жерден Төрткүл-Бабайқорған II қонысының орынын анықтадық. Төртбұрышты дөңес келген қоныстың оңтүстігінен көлемі 2,5х2,5 м, ені 1 м кесік салдық нәтижесінде ошақ ізі шықты, төбеден теріліп алынған керамика сынықтары негізінде қоныстың XVIII басы мен XIX ғ. аяғына дейінгі аралықта өмір сүргені анықталды. Жергілікті ауыл тұрғыны Дастан Абибуллаев қоныстың оңтүстік-батыс бөлігінен топырақ алған, алайда, төбешіктің астынан қыш ыдыстар (хум т.б.) шығып кеткесін төбеден ары қарай топырақ алуын тоқтатыпты. Осы кісінің (Дастан Абибуллаев) марқұм әжесінің айтуынша мұнда XX ғ. жер кепелер де болыпты. Сондай-ақ, барлау барысында бұрын ғылымға белгісіз 120 обалар қорымы анықталып олардың географиялық координаттары алынып, жоспары сызылды.Табылған обалар тізбегіне сол маңдағы жер-су атауына байланысты Найманарық, Бабай-Жаңақорған, Үш қорған, Төрткүл-Бабайқорған, Шеру, Тереңсай, Қарлығаш төбе және Шорнақ арық обалар тобы деп ат қойылды. Барлау барысында көптеген қорымдардың басына жайылған тастары жойылып, тоналып бара жатқаны байқалады. Әсіресе, Бабайқорған елді мекенінде орналасқан, тас және топырақ үйіндісінен тұрғызылған обаларды жабайы «археологтар» қазып тонап, бұзып жатқаны айқындалды. Бұл тез арада осы өңірдегі тарихи ескерткіштерді зерттеуді қажет ететінін білдіреді.

ОСЫНДАЙ БІР ҚАЛА БАР

Күнсұлу ӘСЕТОВА

EXPO-2017 Халықаралық көрмесінің көрігін қыздырып жатқан Астанадан әлемнің ең көрікті қалаларының бірі Санкт-Петербургке Қазақстаннан 6 қыз алып лайнермен 13 маусым күні ұшып шықтық. Көңілде дүдәміл ойлар да жоқ емес. Әйтпегенде, ше. Танымайтын білмейтін өмірі ат ізін салмаған бөтен елдін алып шаһарына түн жарымда топ ете қалсаң есіңнен адасарсын. Отырар мұражайының экскурсия жүргізушісі Гүльмира Арыстанбекова екеуміз егіз қозыдай жұбымызды жазбаймыз сөйтсек сары уайым қорыққанымыз бекер екен «Белые ночи-Ленинградтың ақ түні» деп әнге мақтана қосатын тұсқа дөп келіппіз. Сағат тілі түнгі үшті көрсеткенмен айнала әдемі тыныштық құшағында, бар сұлулығын жайыпақ тұр. Күн енді-енді ғана батқандай. Әйгілі Неваның жағалауында жұрт леклегімен қолтықтаса, сырласа қыдырып жүр. Жүре бергің келеді, жүре бергің Андерсен қонақ үйіне жайғастық. Кәдуілгі атақты ертегіші Ганс Христиан Андерсен.Таңғы асты ішіп болған соң «Российский этнографичекий музейіне жол тарттық». Ол жақта біздерді этнография музейі директорының музей істері ғылыми бағдарламалар жөніндегі орынбасары Анна Алексеевна Канавалова күтіп алып конференция залында, біз атқаратын бағдарламалармен таныстырды. Байқап қарасақ таңғы 10 нан кешкі 18 00 дейін лекциялардан бас бұруға мүмкіндігіміз жоқтың қасы. Алғашқы лекцияны өткізген Ольга Анатольевна Ботякова ғылыми-ағарту жұмыстары жөніндегі директор орынбасары мәдениеттану ғылымдарының кандидаты өте білімді жан екен. Әр сөзін тиянақты мысалдармен толықтырып жеткізе білетіндігімен ерекшеленді. Содан соң «Музей экскурсиясының теориясы мен методикасы» деген тақырыпта Санкт-Петербург қаласының Ұлттық иститутының профессоры Татьяна Георгиевна Милова қызықты етіп лекция оқыды қанша дегенмен тәжірибенің аты тәжірибе ғой шіркін әр музейдің өзіндік ерекшелігі көзге ұрып тұрады. Этнография музейінің экспозициясымен таныстырып боп біздерді Ресей тарихының ұлттық-саяси мұражайына апарды онда бізге нағыз өз ісінін маманы-экскурсовод, тарих ғылымының кандидаты Елена Анатольевна Лысенко экскурсия жүргізді, экскурсия деп осыны айт. Біз өзімізді КСРО көсемдері Ленин, Сталин, Хрущев,Брежнев,Черненко ,Горбачев пен Елцин секілді тарихи тұлғалар заманына еніп кеткендей сезіндік. Кеңес үкіметінің пайда болған күнінен алып империяның күйрегеніне дейінгі кезең айна-қатесіз суреттелген. Әр қайсысына тән жәдігерлерді аялап бүгінге жеткізген қор сақтаушылар ісіне еріксіз тәнті боласын. Невский проспектісінен орын алған 1801-1811 жылдар аралығында атақты архитектор Андрей Воронихиннің қолымен тұрғызылған Қазан Соборының ерекшелігін айтып ауызбен жеткізу әсте мүмкін еместей. Мұнда аты аңызға айналған Граф (1811), князь (1812), орыс қолбасшысы, генерал-фельдмаршал (1747 – 1813) – Михаил Илларионович Кутузов жерленген.

Петербург қаласын «көпірлер қаласы» десе де болғандай, 300ге жуық көпірдің 13 ғана түнде ашылып жабылатынын экскурсия жүргізуші тәтпіштеп жеткізді. Қаланың ендігі бір мақтанышы-саябақтары екен,соның ішінде бірегейі ең атақтысы 1704 жылы Петр I бұйрығымен салынған саябақ «Летний сад» Император Александр II құрметімен аталатын «Александровский сад» 1874 жылы ашылған, «Михайловский», «Юсуповский сад», «Измаиловский сад» секілді атаулардан көз сүрінеді. Жалпы қаланың теңеулері де жетіп артылардай «Санкт-Петербург-Питер город на Неве, город Ленина, город герой, Культурная столица-Росии, город белых ночей» десе дегендей аяғынды аттап бассаң тарихи орындарға я жәдігерлерге тап боласын. Красин атом мұзжарғыш кемесі, күніне қанша адам корабль палубасына көтеріліп, капитан бөлмесінде штурвалға қолын тигізіп мәре-сәре боп жатқаны. Бір риза болатының-туристтерге бар жағдай жасалғандығы. Табиғаттың әр мүйісін тиімді пайдаланғандығы. Әр аялдамасы бір музей метрополитен, әр пұшағы туристерге толы алаңқайлар мен аралдар. Асыр салған балалардың шат күлкісі, күнге қыздырынып суретке түсушілер бірі мен бірі қабысып, астасып кеткендей. Исі танауды қытықтаған бозқараған,ақындардың шабытын қамшылап,өнер иесінің делебесін қоздырар Нева толқындары жаныңды баурай түседі.Әр музейдің өзіне тән ерекшелігі іште де сыртта да сезіліп тұр. Петр I дің музейі жанында сол дәуірдің боярларынша,сал-серілерінше киінген кейіпкерлер иіліп келіп суретке тусуге шақырады, бағасы көп-көріп қымбат-ақ. Алайда матадан қапталған қуыршақ қасқыр, қояндарға қарағанда тірінің аты тірі емеспе, Кутузовпен қолтықтасып суретке түскенге не жетсін. Сәйгүлігін аспанға атылдырған мыс салт атты түйдек түйдегімен жыр ағытқан А.С.Пушкин кеңес үкіметінің солақай саясатымен қиратылуға сәл-ақ қалған Петр-I соборы қалаға көрік беріп-ақ тұр.Нева өзенін жағалай дүкендер қанат жайған.

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым Сен едің.
Нева өзенін сүйкімді
Бұлағымдай көремін-деп Ұлы Жамбыл жырлаған Нева әлемдегі ең суы мол өзен екен. Біз барғанда «Государственный русский» ұлттық музейінде Ресейлік атақты орыс реалист суретшілердің бірі болған Василий Васильевич Верещагин көрмесі өтіп жатты.Бір қызығы осы жерде ұлы бабамыз Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің есіктері бейнеленген фотомен таныстық. Бұйырылған он күн көзді ашып жұмғанша өте шықты. Бізде де осындай атқарылар шаралар жеткілікті ақ. Несі бар Рухани жаңғыру нәтижесін

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРБАНДАРЫ

СЫЗДЫҚ ТӨРЕ ЖӘНЕ ТЕЛҚОЖА БАТЫР

Нұрмахан НАЗАРОВ,
Қазақстанның мәдениет қайраткері,
«Әзіреті Түркістан» газетінің редакторы

Кәмелхан НУРДЖАНОВ,
Халықаралық «Алтын мирас» қорының Хорезм облыстық филиалының төрағасы, «Авесто» музейінің директоры. Үргеніш. Өзбекстан

Қазақ халқының тәуелсіздігі, егемендігі үшін ғасырлар бойы күрескен қаншама хандары мен батырлары аз болмаған. Солардың ішінде ерекше атарлық халқымыздыңеңсоңғы ханы Кенесарының ұлдары және Телқожа батыр.

Кенесары Қасымовтың баласы, Абылай ханның шөбересі – жауқұрек Сыздық 8 ағайынды еді. Кенесарының қыздай алған бәйбішесі Күнімжаннан – Жапар, Тайшық, Ахмет туады. Екінші әйелі Жағым ханымнан бес ұл: - Омар, Оспан, Әбубәкір, Сыздық, Шығай.

Кенесары қайттыс болғаннан соң, оның ұлдары Қаратау мен Сырдария бойын, Түркістан қаласының маңын жайлады.

Ол кезде Түркістан Қоқан хандығының қарамағында болды да, Кенесары ұлдары және Түркістандағы Шоқтас ауылынан шыққан Телқожа Қоқан армиясының құрамында қызмет етті. Телқожа алғаш рет 1863 жылы Сауран жерінде патша әскерімен айқасқа қатысты. 1864 жылдары басқыншылардан Түркістан, Шымкент, Тәшкен қалаларын қорғауға қатысты. Күш тең болмағандықтан Кенесарының шен үшін патша әскерінің құрамына еніп кеткен баласы Тайшық қақтығыста өз қандастарының қолынан қазат тапты.

Түркістан, Шымкенттен айырылған соң, Кенесарының Ахмет сынды баласы – патша әскеріне төтеп бере алмаспыз – деп патша әскери басшылығынан кешірім алып, Шымкент уездік басқарма кеңесінің қызметкері болып қалды.

Ал, Сыздық Сұлтан мен Телқожа болса, - бабаларымыздың дінін, ата салтын бұзып, аузы басы түкті кәпірлердің қарамағында болмаймыз. Бұхар, Хиуа хандықтарына барып кәпірлердің алдынан шығып қарсы соғысамыз деп, өз нөкерлерімен әрі қарай кетті.

Қоқан хандығы құлаған соң, Сыздық пен Телқожа отрядтары соғыса жүріп, Бұхар әмірлігіне дейін жетті. Оларды Музаффар хан өте жылы қабылдап, оның әскерін Бұхар хандығына қосты.

Сыздық Кенесарин Ташкентті қорғауда жараланған соң бір жылдай дерлік емделді. Ол өз көмекшілеріне қарсыластардың Бұхара жағына жақындасуын мұқият қадағалауды тапсырды. Одан соң парасатты шешім қабылдады. Міне, осыған байланысты «Московские ведмости» газетінің «117 санында былай деп жазады: «1866-жылы көктемде, әзірше әмір бізбен соғысуға дайын болмаған кезде Сыздық ештеңе алдын ала қабылдамады, бірақ, біз қарсыласқа қарсы іс-әрекет бастағанда ғана, ол сол сәтте пайда болды. Үшінші күні Музрабаттағы істен кейін Сыздық біздің пароходтар үшін даярланған 200 пұт сексеуілімізді жағып жіберді». Осыдан соң орыс баспасөзінде, патша империясының жоғары тобында Сыздық пен Телқожа батыр туралы объективті бағалаулар қалыптасты. Түптің түбінде бас штаб мынадай қорытындыға келді: «Қырғыз (қазақ) отрядының шабуылы қарақшылық сипатқа ие болған жоқ». Олардың шайқасы қарақшы немесе ұрылық шайқас емес және оның табанды қызметі біздің жауларымыз - алдымен Қоқан, одан соң бұхараның ережелерімен, жағдайларымен қатаң сәйкес. Жоқ, бұлар ұры да, қарақшы да, барымташы да емес - бұлар толық мәнінде партизан, оның мақсаты біздің күшімізді әлсірете отырып, мүмкіндігіне қарай қарама-қарсы әрекетке бізге зиян келтіру, жергілікті халықты бізге қарсы қою және біздің жауларымызға ықпал ету» (Санкт-Петербурские ведмости», №229). 1866

Телқожа бастаған отряд орыстарға қарсы партизандық соғысын үзбей жүргізді. Жызақ ауданының батыс бөлігінде отряд командирі Телқожа өз күшін орналастыру үшін қолайлы орын таңдады. Ухум деп аталатын тауда және айналасы адам өте алмас ор бар еді. Жауларға Ухумды басып алудың барлық әрекеті сәтсіз аяқталды.

Өзбекстан Республикасының мемлекеттік мұрағатында құжат сақталған, Жызақ отряды бастығының Сырдария облысының әскери губернаторына 1867-жылы 13-желтоқсанда жазған хабарламасын қарайық:

«Түркістан әскери округі басқарушысының жеке бұйрығына сәйкес, Жызақ ауданының батыс бөлігінде мен алдын ала тексеру жүргіздім...

Қазіргі кезде бұл тарапта Бұхар шенеуніктерінің басшылығымен 4 шайқа (топ) көрінеді, олар белгілі бір пункттерді тұрақты пайдалана отырып, тұрғындарға ықпал етіп, оларды толық тәуелдікте ұстайды. Ол шайқалар мыналар:

1.Ата бекінісіндегі Телқожа. 2.Хукулла деревнясында-Назар. 3.Наркутадер-Жұмабай 4.Ухумдағы - қазы. Айтылған барлық төрт адамда әмірдің қолы қойылған, белгілері бар, олардың бірі өзгелерінен жоғары саналып, тікелей Бұхардан бұйрық алып отырды.

1869 жылы көктемде Сыздық Сұлтан өз отрядымен Хиуаға келді, келушілердің қатарына өз нөкерлерімен Телқожа да болды. Хиуа ханы Мухаммад Рахим хан II (Феруз) оларды жылы қарсы алды, ол қонақтардың орыстармен күрестегі ерлігінен хабардар еді. Хан Сыздық Сұлтан мен Телқожаның жігіттерін қызметке қабылдап, оларға 900 танап (250 гектардай) жерді. Шаббаз бектігін берді. Ферудың жігіттеріне қатысты мұндай дарқандықтың құпиясы түсінікті еді. Елді ауыр сынақ күтіп тұрды. Қоқан мен Бұхар хандықтары құлаған соң, орыс империясының хиуалықтармен соғысу кезегі келді. Келген жігіттердің көмегі көп ұзамай қажет болған.

Мұхаммад Рахим хан Сұлтан Сыздықты Солтүстік бектіктің наибы (орынбасары) етіп тағайындайды, оған Шават, Монак, Ходжейлі, Қоңырат бектіктері енді, онда түркмен, қазақ және қарақалпақ тайпалары тұратын, олар салық төлеуден жиі бас тартатын. Сондықтан, Сұлтан Сыздық бір мезгілде бас салық жинаушы болды. Бірақ Сыздық Сұлтанның негізгі міндеті алда тұрған орыс әскері шабуылына әзірлік жасау Оның қарамағына екі мың нөкерден тұратын отряд бөлінді. Телқожа 400 жігіттен тұратын отрядты басқарды. Ол дарған атадан Арал теңізіне дейінгі хандықтың шекарасын күзетті. Жағдайға орай Сұлтан Сыздық Бухонов атауын қабылдаса, Телқожа Телмурат деп атала бастады. Ол Сарыби ауылында бөлінген жер мен жайылымды игеру бойынша жұмыстарды ұйымдастырды.

Мұнда Телқожа жақсы шаруагер, білікті егінші және малшы ретінде өзін көрсете білді. Бір мезгілде, Телқожа өзінің сыналған достары, Нұрмұхамед жүзбасы, Қадырберген жүзбасы, Абдула жүзбасымен орыс әскерлерінің Қызыл құм бойынша болжамды бағытындағы жағдайды зерттеді.

Мұхаммад Рахим хан Сыздық Сұлтан мен Телқожаның қызметіне өте көңілі толды. Оларға 100 тіллә сыйлық берді. Бұл тіпті сол уақыт үшін орасан зор сома болатын, оның үстіне Хиуа хандығы қорғаныс соғысын жүргізу үшін қаржыны қажет ететін.

1869-1872 жылдардың ішінде Түркістан өлкесінің Генерал - губернаторы фон Куфман Хиуаға екі рет үзілді-кесілді талап қойған хат жіберді, онда орыс мемлекетіне ерікті түрде қосылу талап етілді. Бірақ Хиуа ханы Мұхамед Рахим II оның талабынан бас тартып, қорғанысқа белсенді дайындалды.

1873 жылы ақпанның ортасында генерал фон Кауфманның Хиуаға қарсы әскери науқаны басталды. Бұл ретте Ресейдің Орта Азияға бұрынғы әскери жорықтарымен салыстырғанда, ол мейілінше ауқымды болды. Шабуыл 13,5 мың солдатпен, жаңа әскери техникамен және 76 пушқалық стволдармен бес бағыт бойынша жүргізілді. Көлік 4600 жылқы мен 2000 түйеден тұрды.

Хиуа жорығы генерал фон Кауфманның жалпы қолбасшылық етуімен 12 журналист, фотограф, суретшіөрнекшілер, топографтар, соның ішінде «Нью-Йорк» таймстың Макгахан бүркеншік атымен арнайы тілшісі, «Рижский вестник» газетінің тілшісі, Ресей тағының принц Ұлы мәртебелі Евгений Максимович Романов болды. Одан басқа, «Екатерина II» кораблінің капитаны Бутаков Арал теңізіне, Қоңыратқа, өз барлаушыларын Хиуа хандығының әскери-саяси сипаттамасы туралы мәліметтер жинау үшін жіберді. Оған СыздықСұлтан мен Телқожа Атығай ұлының Хиуа хандығындағы әскери-саяси және қоғамдық қызметі жақсы белгілі болатын, жорық ерте, ыстық жағдайында, Қарақұмдағы шөлде өтті. Атап өту керек, егер сауда керуені бейбіт кезеңде Ташкенттен Хиуаға дейінгі жолды 15-17 күн ішінде өтсе, онда орыстар бұл жолдан өтуге 100 күннен астамын жұмсады.

Сұлтан Сыздық пен Телқожаның жігіттері бұл орындар мен орыс әскері қозғалатын барлық құдықтардың орналасуын өте жақсы білді. Олар алдын ала жабылды немесе қалқаланды. Міне, неліктен патша әскерлері жаңадан 60 құдықтай қазуға мәжбүр болды, бұған көп уақыт пен күш жұмсалды.

Қарсыласқа солдаттарды, жылқыларды, түйелерді қоректендірудің сәті түскен кезде, Телқожаның жігіттері оларға тұтқиылдан шабуыл жасайтын. Соның өзімен олар әскердің Хиуа хандығына жақын қозғалуын созды.

Профессор Желябужский 1893 жылы Петербургте басылған «Хиуаны басып алу очеркі» монографиясында: «Судың болмауынан, және аурудан әскерлерге қарсылықтың салдарынан 13 мың орыс солдатынан Хиуаға дейін небәрі 7,5 мыңы жетті» деп жазды.

Бұл Орта Азияны жаулап алуда соңғы 10 жылда орыстардың ең үлкен шығыны еді. Сондықтан, патша үкіметі Хиуа хандығына қатыгездікпен өшікті. Оған ең үлкен контрибуция - 2 млн. 200 мың алтын сомасы салынды. Хандықтан түркістан генерал - губернаторына Әмударияның оң жақ жағалауының бәрі өтті. Бұл Хорезм оазисіндегі барлық халықтың кедейленуіне алып келді.

Хиуа хандығы қорғанысының нағыз батырлары Матмурат девонбеги, Юсуф махрам, Құттымұрат мыңбасы тұтқындалды. Сыздық пен Телқожаға қашып кетудің сәті түсті. Олар заңнан тыс, яғни мемлекеттік қылмыскер деп жарияланды. Олардың бастарына Кауфман жоғары баға тағайындады...

Сұлтан Сыздық пен Телқожа Қарақұмға кетті.

Телқожа, Чарджоу облысындағы Дарған атаға таяу ауылда қалды, Сыздық Сұлтан Гератқа жетті, одан соң Қашқарға барды. Ол қайда болмасын жат жұрттық басқыншыларға қарсы соғысқа қатысты. Қашқарда Қытай әскеріне қарсы шайқаста жүріп, Сыздық өз отрядын қоршаудан шығарып алды. Ол оң қолынан ауыр жарақат алды. Жарақат ауыр еді, оған кесу қатері төнді. Сұлтан Сыздық өзінің барлық қызметі мыңызын жоғалтқанын түсініп, Түркістан генерал-губернаторы Кауфманға, еліне оралып, стационарлық госпиталда өз жарақатын емдетуге рұқсат етуіне өтініш жасады. Кауфман Сыздық Сұлтан бойынан қолбасшы, білікті басшыны көрді, ол Орта Азия мен шығыс Түркістанда халықтың арасында үлкен беделге ие болды. Өз кезегінде ол орыс патшасы Александр II-ге біздің кейіпкеріміздің көшіруді сұрады және өз кезеңінің әскери басшысы екенін жан-жақты жазды. Александр II өз жарлығымен рақымшылық жариялады. Кауфман Сыздық Сұлтанды Ферғанада қабылдады, онда тәжірбиелі дәрігерлердің көмегімен оның жаралы қолы жазылды. Оған сондай-ақ Бұхарада тұратын, шығуға құқығы жоқ отбасымен бірігуге де көмектесті. Сыздық туған жеріне, Шыментте тұратын ағасы Ахмет Кенесаринге оралды. Сұлтанды туыстары, серіктері, жерлестері қуанышпен қарсы алды. Орыс газеттері хабарлағандай, Сұлтанның оралуын тұтастай бір апта атап өтті. Архив деректері, тек келген күннің өзінде ғана туыстары барын санамай ақша, азықтүлік, заттар, 500-ден астам қой әкелді. Ол барлығына ашық-жарқын болды, серіктері мен кедейлерге қомақты көмек жасады.

Сұлтан Сыздықтың жігіттеріне, соның ішінде Телқожаның атына берілген жерді Хиуа жорығынан соң орыстар кәмпескеледі. Тек бірнеше жыл өткен соң патша рахымшылығы жарияланғаннан кейін Телқожа Сарыби болысына оралды. Ол бірден халық арасында қайырымды, сауатты адам және жақсы қожайын ретінде танымал болды. 1894 жылы Телқожа Сарыби болысының басшысы болып тағайындалды. Мынадай сұрақ туады, неліктен бір кездері қауіпті қылмыскерді Түркістан генерал-губернаторлығының болыстығының біріне басшы етіп тағайындайды? Бәлкім, бұған өз есептері болған шығар: халық арасындағы беделі мен танымалдығы, жергілікті мекен мен жергілікті өмір жағдайларын жақсы білетіндіктен болар. Бұл мәселені зерттеуде, бізге тағы бір салмақты себепті анықтаудың сәті түсті. Сыздық Сұлтанның туған ағасы - Ахмет Кенесарин Сырдария геберниясының өкімшілігінде жиырма жылдан астам қызмет етті. Телқожаны Сарыбиге әкім етіп тағайындарда, оған басқа фамилия (Баяқов) мен төлқұжат бергені анықталып отыр.

Телқожа өзін білікті әрі қабілетті басшы ретінде танытты. Ол жергіліті халықтың құрметін иелене алды, онын пікірімен жергілікті бастықтар да санасты.

Телқожаның болыстық басқарма бастығы лауазымындағы қызметі - ол тек сарбаз болып қана қоймай, сонымен бірге қабілетті әрі беделді басшы, қара халықтың қамын жеген өділ азамат екенін көрсетті.

Орта Азия мен Қазақстан халықтары тарихының қарама-қайшы беттерінің бірі 1916 жылғы көтеріліс болып табылады десек бұл көтеріліс отаршылдық пен ұлттық кемсітушілікке қарсы бағытталған көптеген ұлт-азаттық қозғалыстарының құрамдас тізбектегі буыны болып табылады.

Көтеріліс Түркістан халықтарының ұлт-азаттық қозғалысының шарықтау шегі болды. Көтерілістің тікелей себебіне II Николай императордың жергілікті халықты тыл жұмыстарына шақыру туралы 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығы себепкер болды.

Жоғарыда аталған жарлық 1916 жылы, 25 маусым бұрын 1886 жылы, 1912 жылы 23 маусымда қабылданған заңдарды бұзушылық болды. Онда Түркістанның жергілікті халқы әскери қызметке шақыруға жатпайтыны және кез-келген әскери кінәлаудан босатылатыны айтылған еді.

Жергілікті төменгі әкімшіліктің өкілдері - ақсақалдар, мырзалар, болыстық басқармалар әскери губернаторлардың айрықша тапсырмаларын күнделікті өмір сүретін көздеріне айналдырды. Паракорлық кең өріс алды. Тұрғындардан алымдар жинау мен қиянат жасаушылық орасан зор мөлшерге жетті. Жергілікті байлардың ұлдарын әскерге шақыртқызбай, тізімге тек кедейлердің балалары ғана ілікті. Көптеген отбасылар жалғыз асыраушыларынан айырылды. Бұл жергілікті халықтың орасан зор қарсылығын тудырды.

Халықтың тағы бір ашынуын байлардың оз орнына басқа адамды - сатып алып, жалдап, әскерден шақырудан босауға ашық мүмкіндік берген патшаның 1916 жылғы 11 маусымдағы жарлығына толықтыру енгізу тудырды. Ал байлар мен билерден құрметті азаматтар әскерге шақырудан мүлдем босатылды.

Толқу Әмудария бөліміне де жетті. Онда 5148 адам әскерге шақыруға жатса, оған байланысты 1916 жылғы 24-25 шілдеде Торткүл болыстығының Сахтиан және Ходжаип мекендерінде өйелдердің арасында толқу отті. Олар өздерінің күйеулері мен ұлдарын тыл жұмыстарына жөнелтуді тоқтатуды талап етті. Осы оқиғадан төртіпсіздік, наразылық акциялары басталды. Келесі наразылық Әмудария бөлімінің басқа болыстықтарына да өтті. Ол әсіресе, Торткүл, Шурахан, Тамды, Нөкіс және тағы бірнеше болыстықтарда белсенді сипат алды.

Бұл оқиғалардың кезінде Телқожа да қаза тапты. Болжам бойынша оны әйелдер тобыры олтірген. Қисын бойынша істің бұлай болуы мүмкін емес. Коптеген фактілер бұл қазаның тапсырысты өлімнен басқа ештеңе еместігін корсетеді. Әкім ауыр балтаның бірнеше соқысынан өлгендігін, бұл кез-келген еркектің, оның үстіне әйелдің күші жете бермейтіндігі туралы фактілер де баршылық. Яғни, әйел киімін киген ер адам өлтірген.

Телқожамен бірге екі жергілікті старшын мен жергілікті шенеуніктің әйелі қаза тапты. Олардың мүлкі тоналды.

Мұрағаттық материалдарда әлдебір Сүлеймен Буриев (ол әрі Салман Буранов та ред). ұйымдастыра алғандығына сендіреді. Ол 1876 жылы туған, Ташкенттің тумасы, Әмудария бөліміне жеңіл пайда табу үшін келген.

Бұл тарихи баянның мәні неде?

Өткен ғасырларға тыныш, бейбіт өмір сүріп жатқан халқымызға басқыншылық жасағандармен қарсы қорғаныс соғыстарда елін, жерін қорғаған батыр бабаларымыздың қайшылыққа толы тағдырларына жанжақты әділ баға беруге тәуелсіз ел болғаннан бастап қол жетті. Ұлттық азаттық үшін мұсылмандық намыс үшін жаумен алысқан қаһармандарымыз Кенесарыұлы Сыздық Сұлтан мен Телқожа батырдың тағдырларында да қарама-қайшылықтар болды.

Көмескіленіп қалған осындай ерлердің есімдерін ерліктерін тарих қатпарларынан аршып алып бүгінгі, ертеңгі ұрпаққа жеткізу тек тарихшылар ғана емес, ағарту-мәдени, білім сияқты идеологиялық барлық салалардың міндеті.

Сыздық пен Телқожаның есімін мәңгілікке қалдыруды - Оңтүстік Қазақстан облысы мен Түркістан қаласы әкімдері қолға алар деп ойлаймыз.

РУХАНИ ОРЫНДАР ҚАЙТА ЖАНДАНУДА

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халыққа жолдаған үндеуінде: Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім-дейді.

Кәрім АСЫЛХАН,
Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау инспекторы

Тәуелсіздік алғалы бері сындарлы саясаттың озық ұлгісінің арқасында еліміз экономикалық тұрғыдан да, руханият дүниесінде де бірнеше сатылаған белестерден өтіп әлем елдері алдында дамудың жаңа үлгісін көрсетті десе де болғандай. Айтса айтқандай рухани шынайы байлығымызға көңіл бөліп, сана сезімімізде ұлттық тұрғыда ойлау жүйесін қалыптастыруды Елбасы ешқашан назардан тыс ұмыт қалдырған емес. 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғырту соның жарқын мысалы десе де болғандай. 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді көне мұрағаттарынан төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттеуді ата-баба алдындағы асыл аманатты қастерлеп ғана қоймай келер ұрпаққа бай тарихымызды шегендеп беру болып табылады. Бұл сөз жоқ бүгінгі рухани жаңғыру бастамасының сол кездегі алғышарты еді. Кемелденген еліміздің жас өскелең ұрпақтары бойына ұлттық идеяны сіңіру, рухани тәрбие беріп, ұлтымыздың мызғымас берік негізін қалау бүгінгі аға буын өкілдеріне қойылар талап, жастарымызға артылар міндет десе әсірелегендік емес. Егемен елімізді әлем алдында жаңа қырынан танытып, рухымыздың асқақтығын, төл тарихымыздың тереңдігін көрсететін күні бүгінге дейін жер ана төсінде көміліп жатқан обалар, қираған қорғандар, қанды қырғын қасаптардың тілсіз куәгерлері бабалар кесенелері, әулие сағаналары болмақ. Рухани жаңғырып, жаңарудың алғашқы қадамын ұлы жібек жолына қоныстанған көне қалалар, қазіргі таңда туризмге сұранып тұрған Отырар, Сығанақ сынды тарихи орындар көшбасында әлем мойындаған Түркістан шаһары бастап отыр. Қаланың қақ ортасында орналасқан күмбезі көк тіреген, Орталық Азияның тәндесіз әсем архитектуралық өнерін бойына сіңірген Қожа Ахмет Ясауи кесенесі исі қазақтың ғана емес, бүкіл түркі әлемінің рухани ошағы алты алаштың айбынды отаны десек артық айтқандығымыз болмас. Кілең еліміздің ел басқарған хандары, айтулы тұлғалары, билері мен бағландары жатқан ұлттық пантеонымызға күн сайын бойына рухани азық жинау үшін алыс-жақын жерлерден

сапарлатып ат басын тірейтін қауым жеткілікті. Сонау шалғайдан келуші қонақтарға «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы қызметкерлері барынша қызмет жасап өз қорығына қарасты көне қалалар, қорымдар, әулиелер т.б. ескерткіштерді насихаттап, бүгінгі тыныс-тіршілігімен таныстырып келеді. Қазіргі таңда мұражай тізімінде

207 тарихи-мәдени мұра есепке алынған. Соның ішінде мемлекет қарауына алынған Гауһар ана, Үкәшә ата кесенесі мен құдығы секілді діни-рухани ескерткіштер де бар. Бұл рухани орындарды қайта жандандыру, тұрақты түрде қорғау мәселесі ЭКСПО-2017 көрмесі аясында басты тақырыптардың біріне айналған болатын.

Еліміздің ұлттық рухани құндылығын өзге ел алдында танытатын бірден-бір ескерткіштерге аз-кем тоқталсақ, Түркістан қаласынан оңтүстікке қарай 4 шақырымда Түркістан-Шәуілдір автокөлік жолынан солға қарай 500 метр жерде Гауһар ана кесенесі орналасқан. Аңыз сарынына, шежіре деректеріне сүйенсек Қожа Ахмет Ясауидің қызы Гауһар анамыздың бейітінің басына өз заманында күйген кірпіштен кішігірім кесене тұрғызылыпты. Алайда, XX ғасырдың басындағы сұрқия саясаттың салдарынан кесене бұзылып, кірпіші тоналған екен. Бұл олқылықты істің орынын толтыру мақсатында «Әзірет Сұлтан» қорық мұражайы Гауһар ана басына қайта кесене орнатты. Келбетіне көркі сай кесене аумағындағы негізгі жұмыстар 2016 жылдан бастап қолға алынды. Жантақ, шеңгел басқан аумақ гүлзарлармен абаттандырылып жүйелі түрде ағаш көшеттері отырғызылды. Ескерту, белгі тақтайшалары қайта жаңартылып, Гауһар ана кесенесі туралы 3 тілде жазылған ақпараттық тақтайша орнатылды. Кесене алдындағы автотұрақ аумағы тегістеліп, айналасы темір шарбақпен қоршалып, тас төсеу жұмыстары жүргізілді. Алыс-жақыннан ағылатын туристердің аққарасы көп болатын болғандықтан заманауи талапқа сай дәретхана салынды. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен шығысқа қарай 2,5 км жерде Ә.Тұтқабаев көшесінің бойында орналасқан Гауһар анамыздың еріне арналып салынған Әлқожа ата кесенесі де абаттандыру жұмыстарынан тыс қалған жоқ. Кесене алдындағы жер тегістеліп, баубақшасы ретке келтірілді. Кесенеге кіруші туристерге арналған жолдарына тас төселіп, жарық шамдар мен арнайы орындықтар орнатылды. Электр желілері толығымен қайта жаңартылып, кесененің ішкі және сыртқы қабырғаларындағы кейбір орын алған олқылық жұмыстар қайта түзетілді.

Қорық-мұражайдың құрамына қарасты Қаратаудың етегінде орналасқан Үкәша ата кесенесі мен құдығы бүкіл исі мұсылман қауымының мінәжат етіп, алладан тілек тілеп, зиярат жасайтын киелі орындардың бірі болғандықтан мұнда да біраз жұмыстар жүргізілген болатын. Атап айтқанда, кесенеге барар жолдың жиектеріне түгелдей жарық шамдар орнатылды. Келген қонақтар мен зияратшыларға арналып арнайы бастырмалар жасалынды. Күнделікті тазалық жұмыстары жолға қойылып, кесене аумағына арнайы қоқыс жәшіктері орнатылды. Үкәша ата мешітіне де арнайы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Құдыққа барар жолға әсем көпір орнатылды. Осылайша, діни-рухани орындарды музейлендіру бағыттары қорық-мұражай тарапынан қолға алынды. Ендігі мақсат ЭКСПО көрмесіне келуші саяхатшыларды қабылдап, төл тарихымыздың бүгешегесіне дейін таныстырып, діни-рухани орындарды да, рухани имани шараларға үлес қосатындай етуді ұмытпауымыз керек. Туризмнің қарыштап дамуы «Рухани жаңғырудың» негізі деп есептейміз.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

ӘЗІРЕТ СҰЛТАНҒА КЕЧИОРЕН МӘРІ КЕЛДІ

Түркия Республикасы Кечиорен муниципалитетінің мәрі Мустафа Ак бастаған делегация «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіне келіп, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде баба рухына тағзым етті.

Келген меймандарға қорық-музей экскурсоводттары К.Әсетова мен А.Жанысбаева түрік тілінде экскурсия жүргізді. Кечиорен муниципалитетінің мәрі Мустафа Ак музей экспозициясымен танысып, онда көрсетілген әрбір жәдігерге ерекше қызығушылық танытты.

ӨТКЕНГЕ ҚҰРМЕТ, БАБАЛАРҒА ІЗЕТ

2017 жылдың 14 шілдесінде Әжімбет бидің «Әзірет Сұлтан» кесенесінде жерленген тұлғалар тізіміне енгізілуіне орай салтанатты жиын өтті.

Жиынға белгілі қоғам қайраткері Жәнібек Кәрібжанов, «Түркістан қалалық ҰОС және еңбек ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ж.Құлбайымбетов бастаған зиялы қауым өкілдері, «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің қызметкерлері және алыс жақын өңірлерден келген Әжімбет бидің ұрпақтары қатысты.

Ел билеген хандарымыз, елді жаудан қорғаған батырлар, ел мен елді жарастырып, ауызбіршілікті нығайтып отырған билер мен игі жақсылар өздерін көзі тірісінде Ұлы бабаның қасына әкеліп жерлеуді өсиет еткен.

ТҮРКІСТАН ЖАЗИРАСЫНЫҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында ұсынылған «Қазақстанның рухани жәдігерлері» («Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы») жобасын негізге ала отырып «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінде Түркістан өңіріндегі тарихи-мәдени, рухани және археологиялық ескерткіштердің жолсызбасы (карта) жасалынды.

Бұл туристік бағыт бойынша келушілерге білікті музей мамандары (экскурсия, фотовидео, тасымалдау т.б.) өз қызметтерін ұсынып, Түркістан өңірінің көрікті жерлерімен таныстыратын болады.

ӘЙГІЛІ КАРТИНА РЕСЕЙ МУЗЕЙІНДЕ

Қазақ даласына саяхат жасаған орыстың қылқалам шебері, әлемге әйгілі суретші В.Верещагиннің Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің есігін бейнелеген белгілі «У дверей мечети» (1873 ж.) суреті осы күнде Мемлекеттік орыс музейінің (Санкт-Петербург қ., Ресей) экспозициясында тұр.

БАҚ ӨКІЛДЕРІ БАС ҚОСТЫ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінде «28 маусым – Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат құралдары қызметкерлері» күніне орай ұйымдастырылған мерекелік бас қосу болып өтті.

Дастархан басындағы кездесуге Түркістан қаласы Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жанболат Ибрагимов, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, фил.ғ.д. Сейдулла Садықов, жергілікті «Түркістан» газетінің бас редакторы Асан Оспан, Қазақстан жастар сыйлығының лауреаты, Мәдениет қайраткері Бекжігіт Сердәлі, «Дөңгеленген дүние» газетінің тілшісі Роза Нарымбет, «Аймақ» газетінің бас редакторы Ақмарал Ғаниқызы және өзге БАҚ өкілдері мен музей қызметкерлері қатысты.

Қорық-музей директоры Жандос Әубәкір БАҚ өкілдерін төл мерекелерімен құттықтап, ізгі тілегін жеткізді. Шараға келген қонақтар өз ой-пікірлерімен бөлісіп музей ісінің дамуына лайықты үлестерін қосуға ұсыныстарын білдіріп жатты.

Жиын соңында келген қонақтарға алғыс хаттар тапсырылып, баспа өнімдері сыйға тартылды.

АСТАНА КҮНІНЕ - МЕРЕКЕЛІК ШАРА

2017-жылдың 3-шілдесі күні «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінде Астана күні қарсаңында «Алаштың бақ ордасы – Астана» тақырыбында мерекелік шара өтті. Атаулы шараға қаламыздың жасөспірімдері, бала-бақша мен мектеп оқушылары және музей қызметкерлері қатысты.

Шараның негізгі мақсаты - Елордамыз Астана туралы болашақ ұрпақтың танымын қалыптастыру, туған елге сүйіспеншіліктерін арттыру.

Отансүйгіштікке тәрбиелей отырып, патриоттық сезім қалыптастыру. Атаулы шарада Түркістан қаласының бүлдіршіндері мен мектеп оқушылары Астана күніне орай өз өнерлерін ортаға салып, ән айтып, би билеп, өлең оқыды.

Шара соңында «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің ғылыми зерттеу бөлімінің меңгерушісі Ғ.Искаков мерекелік шараға белсене қатысқан қонақтарды Астана күнімен құттықтап, еліміздің болашағы жас ұрпақтар өнеріне сәттілік тілеп, қорық-музей атынан алғыс хаттармен марапаттады.

БАС ГАЗЕТ БАСШЫСЫ «ӘЗІРЕТ СҰЛТАНДА»

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі алыс-жақыннан келген қонақтардан әсте босамайды. Өткен аптаның демалыс күндері Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі болып, баба рухына құрбандық шалып, құран бағыштады.

Еліміздің бас газетінің басшысы жәдігерлермен танысып музей қызметкерлеріне толағай табыстар тіледі.

АЛАШТЫҢ АСҚАРЫ ЕДІ



Асқар Тоқпанов (13.10.1915 - 22.11.1994) қазіргі Алматы облысы Іле ауданы Шилікемер ауылында дүниеге келген. режиссер, педагог, Қазақстанның халық артисі (1975). 1932 -1933 ж. ҚазҰПУ-да оқыды. 1939 ж. Мәскеу қаласындағы Театр өнері институтын (проф. В.Г. Сахновскийдің жетекшілігімен) бітірді. 1939 -1944 және 1948 - 1951 ж. Қазақ академия драма театрында режессер қоюшы болып.М.Әуезов пен Л.С. Соболевтің «Абай» (1940), Ш.Құсайыновтың «Марабай» Әуезовтің « Сын сағаттасы» (екеуі де 1941) мен «Еңлік - Кебек» (1944), С.Мұкановтың «Жеңіс жыры» (1942), Ғ.Мустафиннің «Миллионер» (1950), А.П. Штейннің «Намыс соты», Д.Гоу мен А.Д. Юссоның «Терең тамырлары» (екеуі де 1948) секілді спектакльдерді сахнаға шығарды. 1951 - 1953 ж. қазіргі Қазақ академя балалар мен жас өспірімдер театрында, сондай-ақ, Қарағанды (1945-1946), Атырау (бұрынғы Гурьев; 1955, 1959), Жамбыл (1969 -1971) облысы қазақ драма театрларының көркемдік жағын басқарып, спектакльдер қойды. А.П. Чеховтың («Шағала» мен «Иванов»), А.В. Софроновтың («Аспазшы әйел», «Күйеуге сенген аспазшы», М.Горькийдің («Форма Гордеев», инсценировка) туындыларын аударды. Алматыдағы театр училищесінде (1939 -1944) және Онер институтында (қазіргі Қазақ ұлттық өнер академиясы, 1955 - 1963 ж. кафедра меңгерушісі; 1975 жылдан профессор) пед. қызметпен шұғылданды. 1995 ж. Алматыда ол тұрған үйге мемориалды тақта орнатылды. Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы, «Құрмет белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

ФОТОЭТЮД

Кесене маңы гүл абат

Түркістанда Қожа Ахмет

Жаппар Хаққа ұнайсың-
Зікір етіп зарласаң.
Жамағатқа ұнайсың-
Пікір етіп барласаң.
Одан басқа амал жоқ,
Шартарапты шарласаң.
Осыларға бекем бол
Ақыретті қамдасаң.
Мединада-Мұхамбет,
Түркістанда - Қожа Ахмет,
Маңғыстауда - Пір Бекет,
Солардан сұра нанбасаң!

Аралбай ОҢҒАРБЕКҰЛЫ
(1854-1914)

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ ТҮРКІСТАНДЫҚТАР ЖӘНЕ ҚАЛА ҚОНАҚТАРЫ!

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылдың 19 мамырындағы №142 «Мәдениет ұйымдарына тегін қол жеткізу туралы» Бұйрығына сәйкес «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі әкімшілігі барлық келушілерге әр айдың үшінші жексенбісі күні және мектеп оқушылары үшін каникул күндері музейге кіру тегін екендігін хабарлайды.

«Әзірет Сұлтан» қорық-музейі Сіздерді шақырады.

Байланыс телефондары:
8 (72533) 3-23-00
Электрондық пошта:
azret-sultan@mail.ru,
Сайт: www.azretsultan.kz,
Instagram: muzei_azretsultan

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

ҚАЗАҚТЫҢ «ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ»

(ҚҰН ЖӘНЕ АЙЫП)

Қазақ халқы ерте заманнан қастандықпен кісі өлтіруді кешірілмес қылмыс санап, күнәкарды «Жанға-жан, қанға-қан» жолымен жазалаған. Айыпкер жазықсыз адамды нендей қарумен қалай өлтірсе, өзіне сондай қару жумсалып, өзі қолданған тәсілде өлім жазасы орындалған. Заманнан заман өтіп, жеке хандық – мемлекет құрылғаннан кейін, ежелгі заң тізбегіне өзгерістер енгізіліп, кейбір жағдайда кісіні қасақана майып етушіге немесе өлтірушіге жаза ретінде құн – малдай төлем, алым, өндіру қалыптастырылған. Сол заң бойынша күнәкардан, егер оның шаруасы тапшы болса, туыстары мен ру-тайпасынан өндірілетін құн мелшері белгіленген.

Мысалы:

– өлтірілген ер адам үшін «бүтін құн»: 1000 қой немесе 100 түйе, немесе 200 жылқы;

– өлтірілген әйел үшін жарты құн – 500 қой немесе 50 түйе, немесе 100 жылқы;

– хан, сұлтан, дінбасы қастандықпен өлтірілсе, жеті ру мен жеті аталы елге билік жүргізген даңқы ескеріліп, бір адам үшін төлем мөлшері жеті кісінің бүтін құны – 7000 қой немесе 700 түйе, немесе 1400 жылқыға бағаланған;

– қарапайым қожа мен төре өлтірілсе, ақсүйектігі қаперге аланып, әрқайсысы үшін төлем екі кісінің бүтін құны 2000 қой немесе 200 түйе немесе 400 жылқы есебінде тағайындалған;

– әйел ерін өлтірсе – өлім жазасы.

– әйел зорлау – кісі елтірумен теңестірілген.

– босағаға байланған жолаушының аты бір адамды теуіп өлтірсе, ат иесі айыбының төлеміне бүтін құн – 1000 қой немесе 100 түйе, немесе 200 жылқы белгіленген;

– үй жапсарына байланған ат теуіп өлтірсе, ат иесінің телемі жарты құн – 500 қой немесе 50 түйе, немесе 100 жылқы болған;

– үй артына байланған ат теуіп елтірсе, ат иесінің төлемі – «ат-шапан»;

– кісінің бір көзі қасақана шығарылса – жарты құн;

– екі қолы кесіліп, кісі мүгедек болса – бүтін құн;

– екі құлақ кесілсе – жарты құн;

– омыртқа сынып, адам сал болып қалса – бүтін құн;

– ер адам зорлықпен піштірілсе – бүтін құн;

– қатты соққы салдарынан адам есінен айрылып, жынданса – бүтін құн;

– әрбір кесілген саусақ үшін-оннан бір құн;

– әйелдің екі емшегі кесілсе – бүтін құн;

– екіқабат әйел өлтірілсе, іштегі нәресте қоса есептеліп – екі бүтін құн;

– сынған бір тіс үшін – қырықтан бір құн;

– жаңа туған нәресте өлтірілсе – бүтін құн;

– жаңа білінген нәресте іште өлсе – бір тоғыз айып (9 тұяқ);

– бес айлық іштегі нәресте өлсе – үш тоғыз айып (27 тұяқ);

– бес айдан асқан іштегі нәресте өлсе – жарты құн;

– Қылмысқа он үш жастан асқандар тартылған. Мылқаулар мен есі ауысқандар, екіқабат әйелдер жазадан құтқарылған, бірақ ел қарғысына ұшыраған. Құлдардың қылмысына қожайыны жауап берген.

Тарихында түрмесі, лагері болмаған қазақ халқының құн және айып зандары талай ұрпақты ақ жолға тәрбиелеуде үлкен рөл атқарды.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы

Бас редактор
Әбдікерім МАНАПОВ

Жауапты хатшы
Дәулет ҚОЖАМҰРАТОВ

Беттеуші-дизайнер
Самат КЕРИМОВ

Редакцияның мекенжайы:
Түркістан қаласы,
Тәуке хан даңғылы,
282 «А» үйі
e-mail: azret-sultan@mail.ru

Байланыс:
8 (72533) 3-23-00

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігінде 2016 жылғы 21 қыркүйекте тіркеліп, №16154-Г куәлігі берілген

Газет айына 1 рет шығады

Индекс 161200

■ Газетке жарияланған материалдарды көшіріп басқан жағдайда сілтеме жасалу міндетті.

■ Автордың мақаласы мен жарнама мазмұнына редакция жауап бермейді.

■ Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

ТАРАЛЫМЫ – 1000 ДАНА

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

«ERNUR-print» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Т.Әлімқұлов көшесі, 22 үй.

Кезекші редактор
Динара АРЫНОВА

Тапсырыс № 2083